Бөлім:	**7.3А Химиялық реакциялар**
Педагогтің аты-жөні:	**Танабаева Б.А.**
Күні:	**22-23.01.2026**
Сыныбы: 7А,В,С,Д	
Қатысушылар саны	
Қатыспағандар саны	
Сабақтың тақырыбы:	Сұйылтылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі. №9 зертханалық тәжірибе «Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі». №10 зертханалық тәжірибе «Сутекке сапалық реакция» (19-сабақ)
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.2.2.1 -сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау 7.2.2.2 -сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру
Сабақтың мақсаты:	-сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атайды. -сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асырады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	**Педагогтің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин.	Амандасу Активити 1	Берілген заттар ерітіндісінің ортасын анықтап, осы ерітінділерде индикаторлардың түстерін белгілеңіз. Лимон қышқылы | Порошок «Тайд» | Ас содасы Бір бірінің жұмыстарын дайын жауап бойынша тексеру (*слайд 1-2)* (*екі қатеден көп жіберген оқушыларды қосымшаға сабаққа шақыру*)	**Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. **Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.	
Жаңа сабаққа кіріспе	Активити 2 (слайд 3) Реакция теңдеулерін аяқтап, бейтараптану реакциясына жататының табыңыздар:	күкірт + оттек = ... қышқыл + негіз = тұз + ….. ас содасы + лимон қышқылы = тұз + …… + ... магний + оттек = ... *оқушылар жауаптарын 4 слайд бойынша тексереді* *Қышқылдардың қасиеттері қандай?* *Тақырып және оқу мақсаттарын анықтау (слайд 5-6)* **(С)** *Терминдермен жұмыс - бірінші нұсқа оқушысы дауыстап қазақ тілінде, екінші нұсқа оқушысы ағылшын тілінде оқиды.*	**Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. **Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.	**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.
Сабақтың ортасы 15 мин.	ҚТ ережелерін қайталау ***(М)*** (слайд 7-8) сутекті жинау	*Неліктен сутек ауаны ығыстар алады?* *Сутекті жинайтын сынауық неге төңкереліп тұру керек?*	**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға	

	әдістерінің суреттерімен таныстырады, қойылатын сұрақтар:	*Сутекті суды ығыстыру әдісі неге негізделген?*	деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.	
Топтық жұмыс 6 мин	№8 Лабораториялық жұмыс «Сутекті алу және оны анықтауға арналған тест» оқушылар орындайды, мұғалімнің ролі – бақылау, қажет болған жағдайда көмек беру.	*Жұмыс барысында сутегіне тестімен таныстыру- "Пах" дыбысы газ-сутектің сипаттамасы болып табылатынын түсіндіру.* *Сапалық реакция дегеніміз не? (затты анықтайтын реакция сапалық реакция деп аталады)* *Екі реакцияның нәтижесі қандай?*	**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	Реакция теңдеулерін жазу (слайд 9) Тәжірибе бойынша жұптар жасағын қорытындыларын ортаға салып, талқылайды. Жалпы қорытынды жасайды. Бір бірін бағалайды. Мұғалім жұптарға кері байланыс береді.
Жеке жұмыс 5 мин	Бекіту тапсырмалары: (қағаздарда)	мырыш + тұз қышқылы → магний + ... → магний хлориді + сутегі калий + тұз қышқылы → натрий + хлорсутек қышқыл → мырыш + күкірт қышқылы → натрий + күкірт қышқылы → темір + хлорсутек қышқылы →	Дескрипторлар: реакция өнімдері мен реагенттерді анықтайды реакция теңдеулеріндегі тұз және күкірт қышқылдарының тұздарын атайды	
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.	***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.	Сабақтың соңында оқушылар рефлексия жасайды: Шкала 0 -10 толтырады, әр оқушы өзінің шкаланың қай жерінде тұрғаны бойынша өзін бағалайды. Неліктен және нені ескеру керек сұрақтарын өзіне қояды. Үй тапсырмасы: дәптер және жұмыс парақтары бойынша металдардың қышлыдармен реакциясын қайталау	*«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*	